

"Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 175/НҚ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2025 жылғы 20 қарашадағы № 587/НҚ бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 175/НҚ "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 32755 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа қосымшада:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"

2)	Жұбайын хабар-ошарсыз кетті, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы сот шешімі, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін жұбайын кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға соттау туралы сот үкімі негізінде некені бұзуды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ қылмыстық қудалау органының жұбайды халықаралық іздеуге жариялау туралы қаулысы, аталған қаулы сотпен санкцияланған күннен бастап кемінде үш жыл	1 құжат		386,40
----	--	---------	--	--------

бойы іздеуде болған жағдайда.	345,00	
-------------------------------	--------	--

".

2. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен мына шараларды қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3. Осы бұйрықтың орындалуын Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейінгі күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер - Министрінің орынбасары -
Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі

Ж. Мәдиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі